

**«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша Аймухамбетов Тимур
Талғатұлының философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу үшін
«Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара іс-қимыл
жасау ерекшеліктері: дінтанушылық талдау» тақырыбындағы
диссертацияға**

АННОТАЦИЯ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуінің негізгі ерекшеліктері анықталған. Осы талдау аясында алғаш рет мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуін талдау аясында кезеңдерді айқындау жүзеге асырылды. Диссертациялық зерттеуде мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттестігінің көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі эволюциясының тарихи талдауы, оның ішінде тарихи тәжірибені жүйелеу және уақытқа байланысты өзгерістерді салыстырмалы талдау қарастырылған. Сондай-ақ диссертациялық жұмыс аясында мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуінің халықаралық тәжірибесі талданып, Қазақ хандығының құрылған кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасы аумағындағы осы өзара әрекеттестікке тарихи талдау жасалды. Диссертация Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара байланысын талдауға, оның ерекшеліктерін мәдени, діни және тарихи даму ерекшеліктерін ескере отырып анықтауға арналған.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, ең алдымен, қазақстандық қоғамның дамуындағы доктринаны іздеумен тығыз байланысты мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу мәселесіне қызығушылықтың артуына байланысты деп есептейміз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт ішінде жас егеменді елде көптеген озық өзгерістер болды. Бұл ең алдымен әрбір қазақстандықтың өміріне әсер еткен мемлекеттік жүйенің негіздеріне, республикамыздың басым бағыттарына ықпал жасады.

Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан Республикасы және посткеңестік кеңістіктегі басқа да елдер дін мәселелерінде өз саясатын айқындап, мемлекеттің зайырлы сипатын конституцияларында бекітті. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстандағы мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынас саласында үлкен өзгерістер болды, көптеген қайта құрулар жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, әсіресе, соңғы жылдары бұл салада қиындықтар туындап отыр. Ал олардың ең маңыздысы – діни экстремизмнің көрінісі арқылы қазақстандық мемлекеттілікке төнетін қауіптің мүмкіндігі, осыған байланысты бүгінгі күннің ахуалымен байланысты үдерістерді болжау қажеттілігі пайда болды.

Бұл зерттеудің өзектілігі мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуіне кешенді талдау жасау қажеттігінен туындайды. Бұл талдау осы

бағыттағы дамудың негізгі векторларын анықтауға, сондай-ақ өзара әрекеттесу ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 76-сессиясында сөйлеген сөзінде мынаны атап өтті: «Біз сондай-ақ әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының жетінші съезі барысында «демократия – дін – даму» қарым-қатынасын ілгерілетуді көздеп отырмыз». Бұл аспект мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттестігі тақырыбының маңыздылығын көрсетеді.

Диссертация тақырыбын зерттелу деңгейі. Мемлекет пен діни конфессиялардың өзара байланысы тақырыбы қазіргі заманда дінтанушы ғалымдардың зерттеп жүрген өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне жасалған талдауды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа Батыс Еуропа ғалымдары мен философтарының зерттеулері жатады, атап айтқанда Н. Макиавелли, Э. Роттердам, Т. Мюнцер, Т. Мор, Т. Кампанелла, Д. Локк, О. Конт, Э. Дюркгейм, К. Маркс, М. Вебер, Г. Моран, Д. Белл, С. Мойзес, К.Дурэм, М. Писманик. Сонымен қатар қазіргі зерттеушілер – М. Евтичтің, Т. Лукманның, Р.Норристің, Д.Лэйтин мен Б.Бэрриді көзқарастары талданды.

Бұл зерттеушілердің негізгі бағыты ретінде олардың мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекетін талдауының өзі белгілі бір аймақтағы аспектін ерекшелігіне негізделгенін атап өткен жөн. Сонымен бірге, аталған ғылыми еңбектерге қаратырғанда, Батыс Еуропа аумағындағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерінің бүкіл эволюциялық процесі көрінеді.

Екінші топқа Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) ғалымдарының зерттеулері кіреді, атап айтқанда М.И.Одинцов, С.А. Мозговой, В.Г. Фуров, Ю.А. Розенбаум, А.Н. Мещерякова, А.В. Щипков, Е.Г. Аванесова, С.И. Самыгин, А.Ю. Григоренко, О.В. Давыденко, Л.А. Морозова, А.П. Куницын, В.И. Гараджи, М.Н. Фомина, М.П. Мчедлов. Сондай-ақ В.В. Пянковтың, В.Е. Еленскийдің, И.В. Понкиннің, С.Н. Градиловскийтің, Е.Малаховтың, К.И. Колесникованың, Д.Б. Геркюевтің, А.Х. Мукожевтің, Н.В. Володинаның, М.С. Грушевскийдің, Б.К. Малиновский мен М. Шаховтың пікірлеріне талдау жасалды.

Мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін талдау және зерттеу Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) ғалымдары үшін өзекті мәселе болып табылады. Бұрынғы КСРО, қазіргі ТМД елдеріндегі атеизм идеяларына негізделген қоғам құрудың жарты ғасырдан астам тәжірибесі диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілік деңгейінің артуына әкелді. ТМД елдері өкілдерінің ғылыми көзқарастарын талдау осы кеңістіктің мәдени ортақтығына байланысты қажет.

Үшінші топқа Қазақстан Республикасы ғалымдарының зерттеулері жатады, атап айтқанда А.М. Нысанбаев, Б.М. Сатершинов, А.Г.Косиченко, Н.Л. Сейтахметова, Е.Е. Булова, Г.Г. Соловьева М.С. Орынбеков, Н.Ж. Бәйтенова, Ш.С. Рысбекова, Ж.Д. Қабиденова.

Зерттеулері диссертациялық зерттеу мәселесіне әсер етіп, эмпирикалық зерттеу көздеріне айналған мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттестігі тақырыбында Қазақстан Республикасы ғалымдарының көзқарастарын талдау. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы зерттеудің бұл саласы аз қарастырылған.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу ерекшеліктері болып табылады.

Диссертациялық зерттеу пәні – Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуінің тарихи, құқықтық, құрылымдық, функционалдық аспектілері, оның айқындаушы белгісі.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін талдау.

Бұл **мақсатқа** жету келесі міндеттерді шешу арқылы мүмкін болады:

1. Мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу мәселесінің теориялық-әдістемелік негіздерін талдау аясында ғалымдардың теориялық көзқарастарын талдау;

2. Мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу мәселесінің теориялық және әдістемелік негіздерін талдау шеңберінде мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуінің негізгі тарихи түрлерін талдау;

3. Шет елдердегі мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу эволюциясын талдау: орта ғасырлардан қазіргі уақытқа дейін;

4. Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу эволюциясын талдау;

5. Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін анықтау.

Ғылыми жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздері. Бұл диссертациялық зерттеудің теориялық негіздері мен әдіснамалық жүйесін анықтау мәселесі ғылыми жұмыстың көп қырлылығымен ерекшеленеді. Сондықтан біз жалпы ғылымдағы дәстүрлі әдістермен қатар жаңа әдіснамалық ұстанымдар мен тұжырымдамалық тұғырнамаларды басшылыққа алғанды жөн көріп отырмыз. Осылайша, ғылыми жұмыстың негізгі әдіснамалық **қағидастарына** мыналар жатады: диссертациялық зерттеудің категориялық аппаратын тұжырымдамалауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми-философиялық сипаттағы әдістер.

Диссертацияның әдістемелік негізі. Әдістемелік негізі – пәнаралық нұсқаулар. Негізгі әдіс – дінтанулық, ол мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында тиімді пайдаланылған тарихи қайта құру әдісі Қазақстанның көпконфессиялық кеңістігі мен діни плюрализмін қалыптастырған діни дәстүрлердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеуді дайындау шеңберінде жалпы ғылыми-философиялық сипаттағы әдістер де қолданылды, бұл диссертациялық зерттеудің категориялық аппаратын тұжырымдамалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеудің ғылыми жаңалығы, ең алдымен, мемлекет пен діни конфессиялардың өзара байланысын жан-жақты,

біртұтас зерттеуде. Диссертациялық зерттеу мемлекет пен діни конфессиялардың өзара байланысының мәнін, құрылымын және ерекшеліктерін ашады.

Жаңалықтың негізгі элементтері төмендегідей:

– Мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттестігіне тұтас тарихи талдау жасалды;

– Мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуінің негізгі тарихи түрлері талданады;

– Қоғам мүшелерінің басым бөлігі исламдық немесе христиандық діни конфессияларды ұстанатын елдердегі мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттестігіне талдау жасалды;

– Шет елдерді талдау контекстінде мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуінің эволюциялық мазмұнының үрдісі атап өтіледі: теологиялық өзара әрекеттесу қағидаттарынан мемлекет пен діни конфессиялардың зайырлы өзара әрекеттесу қағидаттарына дейін;

– Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара іс-қимылын тарихи талдау барысында теологиялық өзара байланыс қағидаттарынан мемлекет пен діни конфессиялардың зайырлы өзара әрекеттесу қағидаттарына өту үрдісі айқындалды;

– Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатына талдау жасалды;

– Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу ерекшеліктері анықталды.

Ғылыми жұмыстың теориялық негізі қандайда бір деңгейде мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу мәселелеріне қатысы бар ғылыми әдебиеттерді, ғылыми конференциялар материалдарын, монографиялар мен ғылыми мақалаларды қарастыру болды. М.С. Орынбековтың, Н.Л. Сейтахметованың, Н.Ж. Байтенова мен М.Шаховтың зерттеулері маңызды рөл атқарды.

Қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі тұжырымдар.

1. Мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуі толерантты қарым-қатынастарды қалыптастырудың және қоғамды топтастырудың негізгі факторы болып табылады.

2. Қазақстандағы мемлекеттік және діни-конфессиялық қатынастардың ерекшелігін тарихи қалыптасқан діни дәстүрлер мен зайырлы дүниетаным парадигмасы анықтайды.

3. Мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу саясатын үлгілеу зайырлы немесе діни идеологияның басымдылығы негізінде жүзеге асады.

4. Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың негізгі құндылықтары диалог пен толеранттылық мәдениеті болып табылады.

5. Мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіру – терроризм мен экстремизмнің алдын алудың қажетті шарты.

6. Мемлекет пен діни конфессиялар арасындағы өзара іс-қимылдың шетелдік оң тәжірибе аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, әлеуметтік-мәдени және саяси жағдайлардың өзектілігі жағдайында пайдаланылуы мүмкін.

7. Мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу үрдісі – қоғамның бірлігі мен топтасуын тұрақты нығайтудың шарты.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеудің теориялық маңыздылығы – мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерінің мәнді мазмұнын ашып, оның негізгі тарихи түрлері мен оны зерттеудің тәсілдерін ашып көрсетуінде.

Бұл диссертациялық зерттеу мемлекет пен діни конфессиялардың өзара байланысы тақырыбын зерттеуге қосқан белгілі бір үлес болып табылады. Материалдарды осы саладағы арнайы курстарды оқығанда пайдалануға болады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы жұмыс барысында алынған нәтижелерді жоғары деңгейде жалпылау жұмыстарын, монографиялар мен оқулықтарды жазғанда пысықтауға және қолдануға болатындығымен байланысты. Диссертациялық зерттеуде тұжырымдалған ұсыныстар Қазақстандағы мемлекет пен діни конфессиялардың өзара әрекеттесуін одан әрі дамыту және түрлендіру үшін маңызды.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері 31 ғылыми мақалада жарияланды: оның ішінде философия, саясаттану, мәдениеттану, тарих, экономика және гуманитарлық ғылымдар бойынша диссертацияның негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған арнайы журналдарда – 5; республикалық және халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында – 24; Scopus базасында индекстелген импакт-факторы нөлдік емес журналда – 1.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Зерттеу мақсатына, міндеттеріне және логикасына сәйкес диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, алты бөлімшеден, он үш кестеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Диссертациялық зерттеудің жалпы көлемі 157 бетті құрайды.